

белгілі бір жағдай үшін ең қолайлысын қалай таңдауға болатындығын біледі. Мұғалім өзінің практикалық дағдыларын үнемі ойланып, дамытады. Ол әрдайым жаңалықтардан хабардар, өйткені ол сарапшылармен үнемі тәжірибе алмасады және әріптестеріне әрдайым көмектесуге дайын – оларды оқу процесінде цифрлық технологияларды қолдануға үйрету және білім берудегі цифрлық стратегиялардың қандай пайда әкелетінін түсіндіру.

С2 Жаңашыл мұғалім инновациялық шешімдерді қолдану арқылы да, дәстүрлі әдістермен де оқытудың заманауи тәжірибесінің барабарлығына күмән келтіреді. Ол қазіргі білім беру процесінің шектеулері мен кемшіліктері туралы ойланып, оны жақсартуға тырысады. Жаңашыл педагог жоғары инновациялық және күрделі цифрлық технологиялармен тәжірибе жасайды және/немесе жаңа педагогикалық тәсілдерді әзірлейді. Сондай-ақ инновациялардың белсенді іске асыушысы және басқа педагогтар үшін үлгі болып табылады.

Еуропалық комиссияның ұсынысына сәйкес [7] құзыреттілік білімнің, дағдылардың және көзқарастардың жиынтығы ретінде анықталады, мұнда: – білім-белгілі бір нәрсені түсіну үшін қажетті фактілер мен сандардың, тұжырымдамалардың, идеялар мен теориялардың жиынтығы; – дағдылар іс-әрекеттерді орындау және нәтижелерге қол жеткізу үшін білімді қолдану қабілеті мен қабілеті ретінде анықталады; – көзқарас идеяларға, жеке тұлғаға немесе жағдайға әрекет ету немесе жауап беру тәсілін анықтайтын бейімділіктерді, қалаулар мен ойлау тәсілдерін сипаттайды.

Қорыта айтқанда, білім беруде цифрлық технологияларды мұғалімдердің пайдаланудағы цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруды диагностикалауды жүйелі іске асыру, олардың ұдайы ізденісте болып, цифрлық белсенділіктерін жетілдірулеріне оң ықпал етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Битэм Э., Шарп Р.** Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны [Мәтін] / ауд. С.К.Омарова "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры. – Алматы, 2019. – 328 б.
2. **Eshet-Alkalai Y.** Digital literacy: A conceptual framework for survival skills in the digital era, Journal of Educational Multimedia and Hypermedia, 2004, 13(1): 93-106.
3. **Қыдырбек Ө., Байқоныс А., Бажибаева А.Б.** «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру жүйесінде тиімді қолдану»: әдістемелік нұсқаулық / – Алматы: «ӨРЛЕУ» БАҒО» АҚФ ҚР ББЖ ҚБАРИ, 2019. – 48 б.
4. **Cabero-Almenara J., Romero-Tena R., Palacios-Rodríguez A.** Evaluation of Teacher Digital Competence Frameworks Through Expert Judgement: the Use of the Expert Competence Coefficient. Journal of new approaches in educational research 2020, Vol. 9, NO. 2, 275-293.
5. **Soldatova G.U., Rasskazova E.I.** (2018) Brief and screening versions of the Digital Competence Index: verification and application possibilities. National Psychological Journal. 3, 47-56.
6. **Аймалетдинов Т.А., Баймуратова Л.Р., Зайцева О.А., Имаева Г.Р., Спиридонова Л.В.** Цифровая грамотность российских педагогов. Готовность к использованию цифровых технологий в учебном процессе. Аналитический центр НАФИ. – М.: Издательство НАФИ, 2019. – 84 с.
7. **Council Recommendation of 22 may 2018 on key competences for lifelong learning** (Text with EEA relevance) the Council of the European Union OJ C 189, 4.6.2018, – P. 1-13.

ӘОЖ 821.512.122

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ОҚУЛЫҚ ПЕН ОҚЫТУШЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*Нуртаева Н. К. – ғылым магистрі, директордың ғылыми-әдістемелік, жұмыс жөніндегі орынбасары, Мемлекеттік тілде оқытатын дарынды балаларға арналған «Зерде» мамандандырылған жалпы білім беру мектебі, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы.*

*Ы.Алтынсариннің оқулық құрастыруға қойылатын талаптары мен оқытушы қандай болуы керек жөнінде ой-пікірлері бүгінгі күні де өзекті. Білім беру ісін ұйымдастырушыларға инспектор ретінде өмірі мен шығармашылығы үлгі болады.*

*Кілті сөздер: оқулық, орыс тілі үйрету, баланың төл тілі, грамматика, оқытушы, оқу құралы, теориялық білім, педагог мәртебесі, оқу жоспарының вариативті бөлігі, кешкі әңгімелесу.*

Қазақтың ең алғашқы мектебін ашқан Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қалдырған мұрасын зерттей келе, оқытушы, аудармашы, ақын, оқулық авторы, әдіскер ретіндегі еңбектерінің құндылығына қайран қаласың. Бұл құнды дүниелердің қаламынан тууына атқарған қызметі, өмірлік ісі себеп болды. Патшалық Ресейдің оқу-білімді таратудағы басты мақсаты – шоқындыруға қарсы тұрып, мүлде бөлек оқу бағдарламаларын құрып, оқу құралдарын жазды.

«Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» құрастырғанда қандай дидактикалық принципке сүйенгеніне назар аударайық...алдын ала дайындық болмайынша оқушылардың түсінік ұғымында жаңылыс пен жаңсақтық көбеюі ықтимал; балаларды қандай да бір грамматикалық ерекшелік туралы белгілі бір түсініктің қалыптасуы мүмкін болмайды және олар көпке дейін «он» дегеннің орнына «она», «шел» дегеннің орнына «иду» және сол сияқтыларды айта береді.

Б.Число «Қолымызға бір шапан ұстасақ, шапан дейміз, ұстаған шапанымыз біреу болмай, көп болса, шапан деген сөздің аяғына дар дегенді қосып шапандар дейміз. Орысша тілде осындай нәрсе-нің көптігін білдіретін орында сөздің аяғы -ы, -и, -а, -я болып өзгереді. Сөздердің бұл айырмасын число, бір нәрсе турасында болса, единственное, көп туралы болса, множественное число деп атайды. Например: камень – кам-ни, тас-тар, окн-о, – окн-а, терезе-лер»[1,160].

Автор оқулық құрастыруда басқа тілді баланың төл тілі негізінде үйретуді жүзеге асырған. Күнделікті көріп, қолына ұстап жүрген зат, ұғым арқылы теориялық білімді біртіндеп меңгертеді.1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есебінен оқытушы, оқулық туралы ой-пікірін зерделеп, пікірлері әлі күнге өзекті екені көзге түседі.

Орыс тілінің грамматикасымен қазақ оқушылары мектепке кірген жылынан бастап орыс сөздерін үйрене бастағанда-ақ таныса бастайды; орыс тілі оларға әуелі мен құрастырған «Оқу құралы» бойынша, кейін Ушинскийдің немесе Кирпичниковтың грамматикалары бойынша үйретілді. Тағы да бір айта кететінім: бұратана елдердің балаларына тарих, география, жаратылыстану сияқты пәндерді оқытатын оқу құралдар таңдап алу, менің ойымша, бұратаналар оқуымен шұғылданатын адамдардың қай-қайсысына да қиыншылық келтіретін мәселе. Сондықтан, көбінесе, қай пәнді болса да оқытуға керекті оқу құралдарын таңдап алу оқытушылардың өздеріне жүктеліп отыр. Бірақ, менің ойымша, оқу құралдарын мұғалімдермен және басқа білетін адамдармен күн ілгері сөйлесіп, таңдап алу керек сияқты; өйтпейінше оқыту және жалпы оқу жұмысын белгілі бір жүйеге салуға болмайды, ал белгілі бір жүйеге салынбаса, онда ісіміз ойдағыдай болып шықпайды [1,302].

Оқулық таңдау мәселесі Қазақстанда соңғы жылдары ғана қолға алынды. Торғай облысының мектептерінде оқу жұмысын Қазанның оқытушылар семинариясын бітіріп шыққан жас оқытушылар жүргізіп жатыр; бұлардан басқа қазақтардан шыққан жүзбасы сұлтан Бабин, бұл Неплюев атындағы кадет корпусын бітірген және Троицкідегі қазақ мектебін бітірген Байжиенов бар. Бұлардың алдыңғысы Торғай мектебінің бірінші класының оқытушысы, екіншісі Троицкі мектебі мектебінің бірінші класының оқытушысы. Мектептердің бәрі де қажетті оқу құралдарымен толық жеткілікті түрде жабдықталды және жабдықталып жатыр. Бірақ бұл оқу құралдарының бәрі де өзінің ана тілін білетін орыс балаларына ғана арнап құрастырылған; ал қазірде мектепке кірген кезінде бір ауыз орысша білмейтін бұратаналардың балаларын оқытуға ыңғайланған іске татырлық бірде-бір оқу құралы жоқ. Міне, бұл жағдайларда қазақ балаларына орыс тілін оқытудың ойдағыдай жүруі, басқа жердегіден гөрі, оқушылардың жеке бастарының қабілеттілігіне ғана байланысты. Сондықтан қазіргі қазақтарға білім енді беріле бастаған кезде, ең әуелі қабілетті оқытушылар болуы керек екенін еске алып, мен Торғай облысының мектептеріне педагогикалық қызмет жөнінде қабілеті бар, және тәжірибесі мол адамдарды тартуға талай әрекет жасаған едім. Бірақ менің бұл әрекетім әрдайым ойдағыдай орындала бермеді, өйткені алыста жатқан қазақ даласына қабілетті және тәжірибелі адамдардың ешбіреуінің келгісі келмеді, оған біріншіден, оқытушыларға белгіленген жалақының аздығы, ал екіншіден, екі класты мектеп оқытушылығына мемлекеттік қызмет правосы берілмейтіндігі себеп болды. Бірақ мектеп жұмысын бірден жақсы жүргізіп кете алатын ондай тәжірибелі оқытушылар болмағанымен, менің қарамағымдағы мектептер, көбінесе, арнаулы мектептерді бітірген, адамгершілік жағынан бұзылмаған, жұмыстарына ыждаһатпен кірісетін жас оқытушылармен қамтамасыз етіліп отыр [1,301].

Педагог мәртебесі дегенді XIX ғасырда қозғап, «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген тұжырымға келген.Басқа пәндерден, Ырғыз мектебінде орыс оқушыларына ән сабағы оқытылады, мұны ән-күйге әуес казначей Бажанов деген кісі үйретіп жүр; бұл өнерде де Ырғыз оқушылары зор табыстарға жетіп отыр. Торғай мектебінде дәрігер Орлов оқушыларға шешек егу және оны іс жүзінде қолдану жайын оқытып жатыр. Егер бұл іс ойдағыдай жүріп кетсе, шешектен жүздеген, мыңдаған адам қырылатын қазақ даласында мұның баға жетпес пайдасы болар еді [1,302].

Оқу жоспарының вариативті бөлігінде қандай пән оқытылуы керек екендігі тағы да маманға байланысты, қоғамға пайдалы пәндер енгізілуі керек екендігін түсінген.Мектептердегі оқу жайы. Бұлардың үстіне, оқушылармен кешкісін әңгімелесу үшін және оқып түсіндіріп беру үшін мен мұғалімдерге мына кітаптарды ұсындым: Зобовтың табиғат туралы әңгімелері, Константиновичтің химия жөніндегі әңгімелері, Фигьенің маңызды жаңалықтары мен өнер табыстары, Сент-Илердің зоологиясы, Крюгердің физиканың элементарлық курсы және Реклюдің физикалық географиясы[1, 312].

Мұғалімнің сабағында отырып, өз көзімен көріп, инспектор ретінде тексеріп қана қоймай, адал баға беріп, жігерлендіре, шабыттандырғанын, оқу-ағарту ісін адал атқарғандығын, бар күш-жігер, өмірін бала оқытуға арнаған. Ыбырай Алтынсарин ісін бүгінгі күні жалғастырып, еліміздің болашағын оқытып, тәрбиелеуде үлгі алу керек деген тұжырым жасаймыз.

## Әдебиеттер тізімі

1. **Ыбырай Алтынсарин.** Шәкәрім Құдайбердіұлы / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2007. – 632 бет.
2. **Алтынсарин Ы.** Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: «Білім», 2-басылымы 2007. – 112 бет.

УДК 378.046.4

### ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ НАВЫКИ УЧИТЕЛЯ: ОТ СОПРОВОЖДЕНИЯ К РАЗВИТИЮ

**Онищенко Е. А.** – Директор филиала Центра педагогического мастерства, г. Костанай.

*В статье говорится об актуальности проблемы развития исследовательской навыков учителей обусловленными новыми потребностями общественного развития, тенденциями и изменениями, происходящими в образовании, что требует от учителя постоянного совершенствования своих знаний, внесение элементов творчества, осуществления исследовательского подхода к решению педагогических задач по подготовке выпускников, способных к жизни в новых социально-экономических условиях.*

*Ключевые слова: образование, педагог, практика, опыт.*

По мере того как системы образования все чаще реагируют на новые социальные, экономические и цифровые потребности, школы находятся на переднем крае перемен. Чтобы отреагировать на эти изменения школьным командам необходимо все больше сосредотачиваться на наращивании потенциала своих коллег.

Образование стало более интерактивным и экспериментальным как для педагогов, так и для учащихся. Практика педагога сегодня сталкивается с целым спектром проблем, решение которых требует осуществления исследовательской деятельности.

Исследовательская деятельность педагога влияет на качество преподавания за счет формирования образа мышления, направленного на решение проблем, совершенствования процесса принятия решений учителями, расширения возможностей учителей в обеспечении изменения на уровне класса.

Развивать исследовательские компетенции педагога – значит научить его системно мыслить.

Во многих странах исследовательские, аналитические навыки развиваются в преподавателе в первую очередь. Например, в Финляндии учителя исследуют механизмы, процессы и условия, в которых они работают. Чтобы в любой момент быть способными эффективно разработать нужное решение. В Китае важным для учителя является оперативное выявление проблем слабых учащихся, чтобы определить и устранить их проблемы.

Ежедневная практика исследования своего опыта меняет понимание учителей, которое, в свою очередь, воздействует на их опыт.

Но недостаточный уровень разработанности в педагогической теории единых подходов к формированию исследовательских умений учителя, снижает значимость их роли в педагогической культуре школы и педагогической практике в целом.

Чтобы снизить причины недостаточной эффективности исследовательской деятельности учителя Центр педагогического мастерства оказывает поддержку школьным командам в наращивании потенциала «сотрудников организации для достижения целей» (Fullan 2008; Hargreaves & Shirley, 2009):

- Создание групп педагогов-исследователей
- Создание профессиональных связей для организации эффективной работы
- Сопровождение системы наставничества
- Подготовка школьных тренеров из числа педагогов
- Поддержка практики совместного наблюдения уроков
- Создание среды для общения и обмена опытом (форумы, конференции)
- Использование интернет-ресурсов ЦПМ

Одной из главных задач деятельности Центра педагогического мастерства в рамках посткурсового сопровождения педагогов является поддержка взаимоотношений учителей в школах через обмен практической информацией; оказание помощи (формально или неформально); обмен ресурсами и идеями и вовлечение в совместную работу.

На данный момент мы видим, что в тех школах, где накопилась критическая масса обученных на курсах повышения квалификации педагогов и где руководители являются активными участниками развития исследовательских навыков педагогов, наблюдаются положительные изменения. Как пока-